

1983-1992 жылы туған азаматтардың 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында жедел әскери қызметке шақыруын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі N 106 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 сәуірде N 13-10-111 тіркелді. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімінің 2013 жылғы 14 қаңтардағы N 02-08-02-02/37)

Ескерту. Күші жойылды - (Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімінің 14.01.2013 N 02-08-02-02/37)

Қазақстан Республикасы «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 19-бабы 3-тармағына, 23-бабына, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2010 жылғы 29 наурыз № 960 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу Ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік Комитетінің шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Республикалық гвардиясына, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлігіне әскерге шақырудан қалдырылуға немесе босатылуға құқығы жоқ он сегізден бастап жиырма жеті жасқа дейінгі, сонымен қатар жиырма жеті жасқа толмаған және әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өтемеген, оқу орындарынан шығарылған азаматтар 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында жедел әскери қызметке шақырылсын.

2. Әскерге шақыртуды жүргізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

	«Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының істері	Қазақстан ауданының жөніндегі	облысы қорғаныс бөлімі»
--	---	-------------------------------	-------------------------

Дүйсекин Еркебұланұлы	Амангелді	мемлекеттік бастығы әскерге төрағасы	(келісім шақырту	мекемесінің бойынша) комиссиясының
Бәкеев Серік Болатұлы		Мамлют орынбасары, комиссиясы орынбасары	ауданы әскерге	әкімінің шақырту төрағасының
Комиссия мүшелері:				
Күлбаев Молдабекұлы	Ержан	«Солтүстік Ішкі Департаменті ішкі мемлекеттік орынбасары (келісім бойынша)	Қазақстан істер Мамлют істер мекеме	облысы жөніндегі ауданының бөлімі» бастығының
Кузина Тамара Ивановна		Қазақстан Денсаулық Солтүстік әкімдігі аудандық коммуналдық кәсіпорны орынбасары, комиссия бойынша)	сақтау Қазақстан Мамлют бас төрайымы	Республикасы министрлігі облысы орталық ауруханасы қазыналық дәрігерінің медициналық (келісім
Токарева Петровна	Елена	«Солтүстік облысының Министрлігінің ауданының ауруханасы» жүргізу коммуналдық кәсіпорын медбиісі, хатшысы	денсаулық орталық құқық поликлиникасының	Қазақстан сақтау Мамлют аудандық шаруашылық бойынша мемлекеттік комиссиясының

3. Селолық округтердің әкімдеріне медициналық және әскерге шақырту комиссиясын және әскери қызметті өту үшін азаматтарды жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. «Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау Министрлігінің Мамлют ауданының орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқық бойынша коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына ұсынамын (келісім бойынша);

- медициналық комиссияны білікті дәрігер-мамандармен және орта медициналық персоналмен жинақтасын;

- әскерге шақыру пунктін қажет дәрі-дәрмекпен, құралдармен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етсін;

- медициналық қызмет көрсетуді және айқындалған ауруларды емдеу және стационарлық тексеру үшін қажет орындар санын қамтамасыз ету.

5. «Солтүстік Қазақстан облысының Ішкі істер жөніндегі Департаментінің Мамлют ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсынылсын (к е л і с і м б о й ы н ш а) :

әскери міндетті орындаудан бас тартқан тұлғаларды ұстауды және әскерге тіркеуге келуін іске асырсын;
әскерге шақырту комиссиясының жұмысы және әскерге шақырылушыларды облыстық жинау пунктіне жіберу кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Мемлекеттік мекемесі «Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының Мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне» әскерге шақыру және азаматтарды мерзімді әскери қызметке жөнелту кезінде әскерге шақырылушылардың соғыс және еңбек ардагерлерімен, әскер-интернационалистермен кездесулерін, әскери патриоттық тақырыпқа көркемөнерпаздар ұжымдарының өнер көрсетуін өткізуді ұйымдастырсын.

7. Мемлекеттік мекемесі «Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының қаржы бөлімі» жергілікті бюджет есебінде осы мақсаттарға қарастырылған қаржы шегінде азаматтарды әскерге шақырту іс-шараларына шығыстарды өз уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

8. Мемлекеттік мекемесі «Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының дене шынықтыру және спорт бөліміне» әскерге шақыру пунктінде спорттық көпшілік іс-шараларды өткізуді және азаматтардың дене дайындығын т е к с е р у д і ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

9. «Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют аудандық әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме басшысы жедел әскери қызметке шақыруына ұйымдастыруына мақсаттарына өз уақытында орынның бюджет қаражатынан қажетті ақысын қолдауын қамтамасыз етсін.

10. «Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскерге шақыру пунктін ұйымдастыруын өткізу қамтамасыз етсін; кезекті әскерге шақырушыларды тексеру және мерзімдік әскери қызметке шақырылғандарды облыстық жинау пунктіне жеткізу үшін автокөлікті жалдауды жүргізілсін.

11. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С . Б . Б ә к е е в к е жү к т е л с і н .

12. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мамлют ауданының әкімі

Қ. Қалиев

К е л і с і л д і :

*«Солтүстік Қазақстан облысының
Мамлют ауданының Қорғаныс істері*

жөніндегі бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің бастығы А. Дүйсекин
(СҚО МА ҚІЖБ)

Солтүстік Қазақстан облысының
Ішкі істер жөніндегі Департаментінің
Мамлют ауданының ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекеме бастығы Т.М. Тұғанбаев
(СҚО ІД МА ІБ)

«Солтүстік Қазақстан облысының
денсаулық сақтау Министрлігінің
Мамлют ауданының орталық аудандық ауруханасы»
шаруашылық жүргізу құқық бойынша коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорын поликлиникасының
бас дәрігері М.Г. Коробкова
(ҚРДСМ СҚОӘ МОАА КМҚК)